



2018 жылғы «10» қыркүйек
№22.10-123-Т

«__» _____ 20__ года

Аудиторлық есеп

Арал ауданы
Арал қаласы.

2018 жылғы «10» қыркүйек
№2 дана

I. Кіріспе бөлік

1.1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: «Арал аудандық кәсіпкерлік өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қызылорда облысы Әділет департаментінің Арал аудандық Әділет басқармасында 2016 жылдың 28 қыркүйегінде мемлекеттік қайта тіркеуден өтіп, заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасымен 060140014291 бизнес-сәйкестендіру нөмірі берілген.

Банктік және салықтық деректемелері: Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Арал аудандық Қазынашылық басқармасындағы есеп шоты, ЖСК KZ19070103KSN3302000, БСК KKMFKZ2A. Мекеме коды 4932504;

Бюджет деңгейі: Жергілікті бюджеттен қаржыландырылады.

Заңды тұлғаның тұрған жері (мекен жайы): Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы, Школьная көшесі №35. Байланыс телефондары 8(724-33) 2-40-0; 2-47-53; факс; 2-13-11.

1.2. Аудиторлық іс-шараның атауы: Арал ауданының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарына бөлінген қаржылардың пайдаланылуына, аудан бюджетіне түсетін түсімдердің толықтығы мен уақыттылығына, жергілікті бюджетке қате (артық) төленген сомманың қайтарылуы мен есепке жазудың дұрыстығына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау.

1.3. Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты: Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігі және жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғарғы тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттерді пайдалануына аудит.

1.4. Мемлекеттік аудиттің мәні: 493-001 «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», 493-006 «Кәсіпкерлік қызметін қолдау», 493-107 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» бюджеттік бағдарламаларына

Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается.

000430

бөлінген қаражаттың пайдалану мәселесі бойынша аудиторлық іс-шара жүргізу.

1.5. Аудиттің типі, тексерудің түрі: Тиімділік, сәйкестік.

1.6. Мемлекеттік аудит тобының құрамы (мемлекеттік аудиторлар сертификаттарының нөмірлері көрсетіле отырып):

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының №1 мемлекеттік аудит бөлімінің бас маман-мемлекеттік аудиторы Есенбаев Серикбай Искакович. Мемлекеттік аудитор сертификат нөмірі №0172 берілген күні 5 желтоқсан 2016 жылы.

1.7. Мемлекеттік аудит (тексеру)жүргізуге тапсырма: Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Роман Темирбекович Мұсабековтің 2018 жылғы 23 тамыздағы №22.10-123-Т мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізуге тапсырмасы.

1.8. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2016 жылдың 01 шілдесінен 2018 жылдың 30 маусым айын қоса алғандағы кезең аралығы.

1.9. Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі: 2018 жылдың 27 тамызынан 10 қыркүйек айы аралығы.

1.10. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:

Мемлекеттік аудит «Арал аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Жумагулов Бектемир Улыбековичтің келісімімен және статистик есепші Загатова Нургулдін қатысуымен жүргізілді.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықта қаржы жұмсау құжаттарына бірінші қол қою құқығы 2017 жылдың 30 қараша айына дейін мекеме басшысы Ахметов Нурлан қызмет атқарған, 2017 жылдың 07 қарашасынан осы кезеңге дейін мекеме басшысы Жумагулов Бектемир бірінші қол қою құқығына иегер болған. Ал екінші қол қою құқығы барлық уақытта, статистик есепші Загатова Нургулге берілген.

1.11. Үстеме тексеру жүргізілген объектілердің тізбесі: Жок.

1.12. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер: Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының №1 мемлекеттік аудит бөлімінің бас маман-мемлекеттік аудиторы Қ. Нурымбетова 2014 жылдың 1 шілдесінен 2016 жылдың 30 маусым айын қоса алғандағы кезең бойынша кешенді жоспарлы бақылау жүргізген. Нәтижесінде 2016 жылы нормадан артық шығысталған жанар-жағар майы жергілік бюджетке кірістелді. 16.09.2016 жылғы №01-6/228 жауап хаты. Аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің (Аудиторлық есеп 12.07.2016 жылы №4.14-99-Т).

II. Негізгі бөлік

2.1. Аудит бағдарламасын ашып жазу:

Мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын көрсеткіштер:
Тиімділік көрсеткіштері:

1. Бюджет қаражатын үнемді пайдалану, еңбек, қаржы және басқа ресурстарды пайдаланудың өнімділігі, аудит объектілеріне қойылған міндеттердің нәтижелілігі, бөлінген қаржы көлемдерін ескере отырып, жоспарлы көрсеткіштермен салыстыру бойынша нақты нәтижелерге қол жеткізудің тиімділігі.

«Арал аудандық кәсіпкерлік өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің негізгі мақсаты аудан көлемінде кәсіпкерлік, өнеркәсіп, туризм мен сауда қызметі салаларында басшылықты жүзеге асыру, осы салалардың дамуын үйлестіруді қамтамасыз ету, даму үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Қойылған мақсаттарды орындау үшін мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес 2016 жылдың шілде-желтоқсан айлары аралығында 493-001 «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», 493-006 «Кәсіпкерлік қолдау қолдау», 493 107 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» бюджеттік бағдарламалары бойынша барлығы 7346,4 мың теңге қаржы бөлініп, оның кассалық шығыстары 7209,3 мың теңге орындалып, бөлінген қаржы 98,2 пайызға игерілген 137,1 мың теңгесі үнемделген.

2017 жылы 493-001 «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», 493-006 «Кәсіпкерлік қолдау қолдау», 493 107 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» бюджеттік бағдарламалары бойынша барлығы 16149,0 мың теңге қаржы бөлініп, оның кассалық шығыстары 16141,8 мың теңге орындалып, бөлінген қаржы 99,9 пайызға игерілген 7,2 мың теңгесі үнемделген.

2018 жылы 493-001 «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер бюджеттік бағдарламалары бойынша барлығы 8010,0 мың теңге қаржы бөлініп, оның кассалық шығыстары 7988,4 мың теңге орындалып, бөлінген қаржы 99,7 пайызға игерілген.

493-001 «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының міндеті (түпкілікті нәтиже) бөлімнің аппаратын ұстау шығындарына 2016 жылы шілде-желтоқсан айларына 6654,3 мың теңге, 2017 жылы 15137,8 мың теңге, 2018 жылдың 6 айына 8010,0 мың теңге бөлініп жұмсалған. Аталған бюджеттік бағдарлама бойынша төмендегідей көрсеткіштерге сәйкес қызметтерді атқарған. Бюджеттен бөлінген қаражат шегінде үнемділікті сақтай отырып, тиісті нормативтік-құқықтық актілер негізінде «Арал аудандық кәсіпкерлік өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің жалақыларын, қызметтік қажеттілікке байланысты іс-сапар шығындарын, кезекті еңбек демалыс ақыларын мерзімінде әрі толық көлемде төленуін қамтамасыз еткен. Қазіргі таңда пайдаланатын заманауи компьютерлік техникалармен және

электронды үкімет аясында пайдаланатын электронды құжат айналымын қалыптастыруды ұйымдастырып отырған. Сондай-ақ, қызметкерлердің күнделікті қызмет атқару барысында қажетті тауарлы-материалды құндылықтармен қамтамасыз еткен. Мекеме ережесінде қызметінің мәнімен ауданда кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм салаларын дамыту мақсатында мекеме қызметкерлерінің бекітілген жұмыс жоспарларына сәйкес шараларды ұйымдастырып отырып, мекеме еңбек және басқа да ресурстарды пайдалану арқылы дамытуға атсалысқан. Мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықта бюджеттік бағдарламаларға жоспарланып қаралған қаржыларды мақсатты жұмсалыуына басшылық еткен.

493-006 «Кәсіпкерлікті қолдау» бюджеттік бағдарламасының міндеті кәсіпкерлік дамуын үйлестіруді қамтамасыз ету; 2016 жылы шілде- желтоқсан айларына 180,0 мың теңге, 2017 жылы 385,0 мың теңге бөлініп орындалған жұмыстар актісіне сәйкес жұмсалған.

2016 жылы 28 қыркүйекте №21 келісім шартқа жасалып 180,0 мың теңгеге, 2017 жылы 28 қыркүйекте №20 келісім шарт жасалынып 190,0,0 мың теңгеге, «АК Кайнур АГРО» ЖШС-мен және 2017 жылы 26 мамырда №16 келісім шарт жасалынып 195,0 мың теңгеге «Қызылорда Консалтингтік компаниясы» ЖШС-мен кәсіпкерлікті дамыту мақсатында барлығы 565,0 мың теңгеге семинар-тренингін өткізіп қабылдау актісін жасалып аударылып берілген. Аталған қаржыға кәсіпкерлікті қолдау мақсатына іс-шаралар ұйымдастырылып атқарылған.

493-107 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» бюджеттік бағдарламасының міндеті шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу және елді мекендегі тұрғылықты халықтың қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету; 2016 жылы шілде- желтоқсан айларына 367,0 мың теңгеге ҚБТУ хаттамасына сәйкес терроризмнің «сары» деңгейіне байланысты Арал ауданы бойынша қоғамдық қауіпсіздік, терроризм және діни экстремизмнің алдын алу жұмыстарына іс сапармен келген 36 арнайы полиция жасақтарына азық түлік және жанар жағар маймен қамтамасыз етуге кәсіпкер Б. Жандаулетовпен 2016 жылы 09 маусымда №1 келісім шартқа отырып жұмсалған. 2017 жылы Арал ауданы аймағында электр энергиясының ақауынан орын алған апаттық жағдайға байланысты қалпына келтіру үшін мамандар мен арнайы техникаларды жұмылдыру мақсатында 2017 жылы 10 қаңтарда №1 келісім шартқа сәйкес ЖК Жалғасбековке жанар-жағар маймен дизель отыны үшін 619,0 мың теңге аударылған. Аталған жұмыстың нәтижесінде елді мекенде тәртіп бұзушылықпен қылмыстық іс-әрекеттерге тосқауыл қойылуға септігін тигізген. Бағдарламаның «Бюджет қаражатын үнемді пайдалану, еңбек, қаржы және басқа ресурстарды пайдаланудың өнімділігі, аудит объектілеріне қойылған міндеттердің нәтижелілігі, бөлінген қаржы көлемдерін ескере отырып, жоспарлы көрсеткіштермен салыстыру бойынша нақты нәтижелерге қол жеткізудің тиімділігі» мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

2.1.1. Аудит бағдарламасындағы мәселенің атауы:

Сәйкестік аудитін жүргізу:

2. Мемлекеттік аудит объектісінің құрылтай құжаттары мен атқаратын қызметін бағалау.

3. Жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер түрінде бөлінген қаражатты пайдалану.

1) Бюджеттік өтінім мен қаржылық жоспарлардың жасалуы мен атқарылуын тексеру;

2) Еңбекақы, сыйақы төлеуді және ұйымның штаттық бірліктерінің қолданыстағы заңнамаларға сәйкестігін тексеру;

3) Іс-сапар шығындарына жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру;

4) Коммуналдық қызметтерге тарифтер мен баға қолданудың дұрыстығы, келісім-шарттардың бар-жоғы және қаржы шығындарының дұрыстығын тексеру;

5) Негізгі құралдар мен қорларға түгендеу жүргізу тәртібінің сақталуы, бухгалтерлік есепке алу (негізгі құралдарды есептен шығару) дұрыстығын тексеру;

6) Қызметтік автокөліктерді ұстауға, жанар-жағар май шығындарын есептен шығаруға жұмсалған қаржылардың және қызметтік автокөліктерді есептен шығарудың дұрыстығын тексеру;

7) Мемлекеттік сатып алу келісім шарттарының негізінде міндеттемелерді қабылдаудың заңнамалық актілерге сәйкестігін тексеру.

4. Мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына тексеру жүргізу.

1) Бухгалтерлік есепті жүргізудің тиісті орындарға қаржылық есептілікті жасаудың және ұсынудың заңнамалық актілерге сәйкестігін тексеру;

2) Аудит жүргізу кезеңі ішінде дебиторлық және кредиторлық берешектің жай-күйі, туындау себептері және олардың өтеу бойынша қабылданған шараларды тексеру.

2.1.1.2. Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, сонын ішінде:

Сәйкестік аудитін жүргізу:

2. Мемлекеттік аудит объектісінің құрылтай құжаттары мен атқаратын қызметін бағалау.

«Арал аудандық кәсіпкерлік өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ережесі, Арал ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 16 қыркүйектегі №184-қ қаулысымен бекітіліп, Қызылорда облысы Әділет департаментінің Арал ауданның Әділет басқармасында 2016 жылдың 28 қыркүйегінде қайта мемлекеттік тіркеуден өтіп № 060140014291 БСН берілген.

«Арал аудандық кәсіпкерлік өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыреті шегінде бірыңғай кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.



«Арал аудандық кәсіпкерлік өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Осы Ереже «Арал аудандық кәсіпкерлік өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

«Арал аудандық кәсіпкерлік өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы: ауданда кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм салаларын дамыту жөніндегі саясатты жүргізу.

Негізгі міндеттері:

- 1) кәсіпкерлік дамуын үйлестіруді қамтамасыз ету;
- 2) өнеркәсіп салалары қызметін үйлестіруді және дамуының мониторингін жүргізу;
- 3) сауда, қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының қызметін үйлестіру;
- 4) туристік қызметке жәрдемдесу және оның дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- 5) ауданда кіші кәсіпкерлікті дамытудың бағдарламасын және оны іске асырудың іс-шаралар жоспарын әзірлеу және олардың орындалуын бақылау;

Функциялары:

- 1) өнеркәсіпті, кәсіпкерлікті және туризмді дамыту мақсатында аймақтық бағдарламалардың дайындалуын және жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;
- 2) кәсіпкерлікті қолдау мақсатында құрылатын технопарк жүйелері, бизнес орталықтар, бизнес инкубаторлар, кіші инновациялық іс-қимылдары орталығы және тағы басқа объектілердің құрылуы жөнінде жоспарларды дайындау;
- 3) кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету, кәсіпкерлікті қолдау туралы заңнама бойынша сұрақтар жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- 4) кәсіпкерлік пен туризм субъектілеріне қысқа мерзімді оқытуды ұйымдастыру мен өткізу;
- 5) бюджеттік бағдарламаға сәйкес кәсіпкерлік субъектілеріне несие беруді, басым жобаларға іріктеу жасап, олардың мониторингін жүргізу;
- 6) аймақтық индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының жүзеге асырылуына жағдайлар жасау;
- 7) ауданның кәсіпорындарында халықаралық сапа стандартын енгізу үшін жағдайлар жасау;
- 8) туризм қызметін қолдау мен дамыту, реттеуді қамтамасыз ету;

Мекемеде еңбек ететін қызметкерлердің жалпы саны алты адам, оның ішінде үш мемлекеттік қызметкер, үш штаттан тыс қызметкер. Мекеменің негізгі миссиясы: ауданда кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм салаларын дамыту жөніндегі саясатты жүргізу саласындағы заңдылықтарды сақтай отырып оларды мекеменің Ережесінде көрсетілген міндеттер мен функцияларын

орындауға бөлінген қаржыларға сәйкес жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізген.

Биылғы жылға, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша 240 адамға және «Бизнес кеңесші» жобасына қатысты 90 адамға меже бекітіліп, бүгінгі күнге «Бизнес кеңесші» жобасы бойынша 90 адам оқу курстарын аяқтады. Ал, «Бастау Бизнес» жобасының 1, 2 және 3 легінде 121 адам оқу курстарын бітірді, алдағы уақытта «Бастау Бизнес» оқу курсының 3 кезеңі бар.

Жыл басынан бері, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-нан мал шаруашылығын дамыту үшін 39 азамат 192,9 млн теңге несие алған, бұдан бөлек құны 38,5 млн. теңгені құрайтын 14 жоба мақұлданып, қаржыландыруды күтуде.

Өңірлік инвестициялық орталық арқылы ауданнан жалпы құны 695,5 млн. теңгені құрайтын 138 жоба бақылау кеңесіне ұсынылып, бүгінгі күнге бұл жобалар бойынша жалпы құны 168,6 млн. теңге болатын 35 жоба толық қаржыландырылды. Ал, қосымша жалпы құны 28,0 млн теңге болатын 14 жоба мақұлданып, қаржыландырылуын күтуде. Бұл жобалардың басым бөлігі, мал басын асылдандыру, көбейту, айналым қаражатын ұлғайту, тиісті құрал-жабдықтар мен қажетті техникаларды алу, қоғамдық монша, кондитерлік өнімдер шығару, сұлулық салонын ашу және полиграфиялық қызмет көрсету секілді мәселелерді қамтиды.

«Агробизнес» бағдарламасы арқылы құны 75,4 млн теңге болатын 8 жоба қаржыландырылып, жалпы құны 25,4 млн теңге болатын 7 жоба мақұлданды, бұдан бөлек, жалпы құны 86,26 млн. теңге болатын 14 жоба дайындық үстінде.

Бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың, жасаудың және ұсынудың белгіленген тәртібінің сақталуына аудит жүргізгенде бөлімде штаттық кесте бойынша есепші лауазымы қаралмағандықтан, мекеме басшысының өкімімен есепші лауазымы міндеттерін атқару бөлімнің статисті, жоғары білімді, лауазымы бойынша еңбек-өтілі 10 жылдан асқан Н.Загатоваға жүктеліп, ол өз кезегінде лауазымдық міндеттеріне сәйкес жұмыс атқарып отырған. Мемлекеттік мекеменің басшысы бухгалтерлік есепті дұрыс жүргізу үшін жағдайлар жасаған, компьютерлік техникалары, принтер, ксерокс, интернет желісімен қамтамасыз етілген. Бухгалтерлік жұмысты жүргізіп отырған қызметкерлер өз жұмысында Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 Қазақстан Республикасының Заңы, «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесін бекіту туралы» 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығы негізінде жүзеге асырылған, «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарын бекіту туралы» 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген бухгалтерлік есеп шоттарына сәйкес бухгалтерлік тізбекпен бас кітапқа қорытындыланған. Мемлекеттік мекеменің бухгалтері барлық жүзеге асырылатын шаруашылық операцияларының бухгалтерлік есеп шотында көрінуі мен бақылануын, шұғыл операцияның ұсынылуын, қаржы есептілігінің белгіленген мерзімде жасалуын қамтамасыз еткен.

Бағдарламаның «Мемлекеттік аудит объектісінің құрылтай құжаттары мен атқаратын қызметін бағалау» мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

3. Жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер түрінде бөлінген қаражатты пайдалану.

1) Бюджеттік өтінім мен қаржылық жоспарлардың жасалуы мен атқарылуын тексеру; «Арал аудандық кәсіпкерлік өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықтағы әр жылға арналған бюджеттік өтінімдері Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №511 «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрықтарына сәйкес бекітілген нысандарда жасалып, Арал аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөліміне заңнамалық актілерде белгіленген мерзімдерде тапсырылып отырған.

Мемлекеттік мекеменің мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықтағы міндеттемелер және төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларының жасалуы және атқарылуы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 «Бюджеттің атқарылуы және оған қассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүргізіліп, тиісті құжаттар негізінде уақытылы игеріліп отырған.

Жыл көлемінде жеке қаржыландыру жоспарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар тиісті нысанда жасалған мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарын өзгертуге арналған өтінімдер мен анықтамалар негізінде жүргізіліп, мекеменің өзгерістер енгізілген жеке қаржыландыру жоспарлары уақытылы бекітіліп отырған.

2016 жылдың 1 шілдесі мен 31 желтоқсан айы аралығында мекеменің жеке қаржыландыру жоспарымен мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламалар бойынша барлығы 7346,4 мың теңге қаржы бөлінген, оның қассалық шығыстары 7209,3 мың теңгені құрап, жыл соңында 137,1 мың теңге есеп шотта қалдықта қалып, бюджетке кері қайтарылған. Оның ішінде, бюджеттік бағдарламалар бойынша:

493-001-011 «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 1446,6 мың теңге жоспарланып бөлініп, қассалық шығыстары да 1313,9 мың теңгеге орындалып, 132,7 мың теңге үнемделіп есеп шотта қалдықта қалған.

493-001-015 «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 5352,8 мың теңге

жоспарланып бөлініп, кассалық шығыстары да 5348,4 мың теңгеге орындалып, 4,4 мың теңге үнемделіп есеп шотта қалдықта қалған.

493-006-015 «Кәсіпкерлік қолдау қолдау» бюджеттік бағдарламасына қаралып, бөлінген қаржы 180,0 мың теңге, оның кассалық шығысы 180,0 мың теңгеге толық орындалған.

493-107-015 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» бюджеттік бағдарламасына қаралып, бөлінген қаржы 367,0 мың теңге, оның кассалық шығысы 367,0 мың теңгеге толық орындалған.

2017 жылы мекеменің жеке қаржыландыру жоспарымен мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламалар бойынша барлығы 16149,0 мың теңге қаржы бөлінген, оның кассалық шығыстары 16141,8 мың теңгені құрап, жыл соңында 7,2 мың теңге есеп шотта қалдықта қалып, бюджетке кері қайтарылған. Оның ішінде, бюджеттік бағдарламалар бойынша:

493-001-000 «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 15145,0 мың теңге жоспарланып бөлініп, кассалық шығыстары да 15137,8 мың теңгеге орындалып, 7,2 мың теңге үнемделіп есеп шотта қалдықта қалған.

493-006-015 «Кәсіпкерлік қолдау қолдау» бюджеттік бағдарламасына қаралып, бөлінген қаржы 385,0 мың теңге, оның кассалық шығысы 385,0 мың теңгеге толық орындалған.

493-107-015 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» бюджеттік бағдарламасына қаралып, бөлінген қаржы 619,0 мың теңге, оның кассалық шығысы 619,0 мың теңгеге толық орындалған.

2018 жылың 1 қаңтары мен 30 маусым айы аралығында мекеменің жеке қаржыландыру жоспарымен мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламалар бойынша барлығы 8010,0 мың теңге қаржы бөлінген, оның кассалық шығыстары 7988,4 мың теңгеге орындаған. Оның ішінде, бюджеттік бағдарламалар бойынша:

493-001-000 «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 8010,0 мың теңге жоспарланып бөлініп, кассалық шығыстары да 7988,3 мың теңгеге орындалған.

(№1-қосымшада аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) орындалуы бойынша ақпарат 6 парақта қоса тігілді).

1-тармақ. Аудит жүргізу кезеңінде мекеме қызметкерлерінің компьютерлері интернет желісіне қосылғанын ескерместен, қосымша бір қызметкердің компьютеріне ақпараттық-құқықтық қамтамасыз ету – «Заң» деректер базасы орнатылып, қызмет көрсетілгені анықталды. 2016 жылдың шілде-желтоқсан айларында 54,0 мың теңге, 2017 жылы 108,0 мың теңгеге


барлығы **162,0 мың теңгеге** тиімсіз жоспарланып, келісім шарт арқылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы – Қызылорда аймақтық құқықтық ақпарат орталығы ақпараттық-құқықтық қамтамасыз ету - «Заң» деректер базасына абоненттік қызмет көрсеткені үшін аударылған.

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексінің 4-бабының 12-тармақшасында көрсетілген тиімділік принципі бұзылған.
(№2-қосымшада келісім шарт, есеп айырысу актілері көшірмелері, төлем шоттар, түсініктеме, 75 парақта қоса жалғанды).

2-Тармақ. Мемлекеттік аудит жүргізу кезеңі ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» (Бұдан әрі-Қағида) қағидасының 17-тармағының 17-абзацында «11 және 12-қосымшалар сондай-ақ 131 "Техникалық персоналға еңбекақы төлеу" ережелігі бойынша шығыстарды есептеуге колданылады. Осы есептеулерді жасаған кезде № 1193 қаулыны басшылыққа алған жөн»-деп көрсетілген, ал Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен бекітілген «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» НҚА-нің 2-тармағы 3-тармақшасымен бекітілген 3-қосымшасы «жұмысшылардың ЛА (тарифтік мөлшерлемелерін) есептеуге арналған коэффициенттер» кестесінің ескертпесіне сәйкес «Орындалатын жұмыстарды белгілі бір күрделілікке жатқызу және жұмысшыларға біліктілік разрядтарын беру «Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына, жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларына сәйкес жүргізіледі» делінген, немесе ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 03 қыркүйектегі №426-ө-м бұйрығымен бекітілген «Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (52-шығарылым) бекіту туралы» (Бұдан әрі-Анықтамалық) 3-тарау, 87-тармағы, 1-параграфы 408-тармақшасымен 5-разрядты автомобиль жүргізушісінің жұмыс сипаттамасы «Жүк көтергіштігі 10 тоннадан 40 тоннаға дейін барлық үлгідегі жүк автомобильдерін (автопоездарды – автомобиль және принциптің жүк көтергіштігі бойынша), ұзындығы 7-12 метр автобустарды, сондай-ақ арнайы дыбыс және бағдарлы сигналдармен жабдықталған автомобильдерді басқару» болып анықталғанымен, мекеменің 1,0 штат бірліктегі автокөлік жүргізушісінің жалақысы 5-разряд болып белгіленіп кәте жоспарланғандығы анықталды.

(№3-қосымшада бюджеттік өтінім көшірмелері түсініктеме, 4 парақта қоса жалғанды).

2



2) *Еңбекақы, сыйақы төлеуді және ұйымның штаттық бірліктерінің қолданыстағы заңнамаларға сәйкестігін тексеру;* Мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықта «Арал аудандық кәсіпкерлік өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметкерлердің штат бірліктері барлығы мемлекеттік қызметкерлер 3 штаттық бірлікте бекітілген, оның ішінде 1 бірлікте бөлім басшысы, 1 бірлікте бас маман, 1 бірлікте жетекші маман қызмет атқаруда. Сонымен қатар келісім шарт негізіндегі қызметшілер мен техникалық қызметшілердің саны 3 штаттық бірлікте бекітілген. Оның ішінде, статистик-2 бірлік, көлік жүргізуші - 1 бірлікте қаралып, қызмет жасауда.

«Арал аудандық кәсіпкерлік өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне еңбекақы, өтемақы және сыйақылары Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы №1284 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған ҚР органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» Жарлығын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1103 «Еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақының мөлшерлерін айқындау туралы» қаулысын басшылыққа ала отырып мекемеде құрылған комиссиямен қызметкерлердің еңбек өтілдері, санат топтары, еңбекақы есептеу коэффициенттері анықталып, жыл басында бекітілген штаттық кестеге сәйкес бюджеттен бөлінген қаржыдан есептеліп төленген. Сонымен қатар, мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықтағы келісім шарт негізінде жұмыс атқарушы штаттан тыс қызметшілеріне есептелген айлық жалақылары мен қосымша үстемеақылары кезекті еңбек демалыс ақылары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №908 «Орташа жалақыны есептеудің бірыңғай қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы басшылыққа алына отырып, жыл басында бекітілген штаттық кестеге сәйкес мекеме басшысының бұйрығымен құрылған комиссияның шешімімен қызметкерлердің еңбек өтілі анықталып, осыған сәйкес есептелінген, ал еңбекке жарамсыздық парағына жәрдемақыларды есептеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1103 «Еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақының мөлшерлерін айқындау туралы» қаулысына сәйкес есептеліп төленген. Мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне есептелген айлық жалақылары мен қосымша үстемеақылары, кезекті еңбек демалыс ақылары,



материалдық көмектерінің дұрыс есептеліп, уақытылы төленуіне ішінара жүргізілген тексерумен келесі бұзушылықтар анықталды.

3-тармақ. Мекемедегі көлік жүргізушіге еңбек ақы есептеу барысында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 03 қыркүйектегі №426-ө-м «Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (52-шығарылым) бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығының 87 тармақ, 1-параграфындағы 4-біліктілік разряды 406-тармақшадағы жұмыс сипаттамасы бойынша «Барлық үлгідегі жеңіл автомобильдерді, жүк көтергіштігі 10 тоннаға дейінгі (автопоездарды – автомобиль және прицеп жүк көтергіштігі бойынша) барлық үлгідегі жүк автомобильдерін, ұзындықтары 7 метрге дейінгі автобустарды басқару»-делінген талаптары қолданылмай, 2-параграфындағы Жұмыс сипаттамасы бойынша «Жүк көтергіштігі 10 тоннадан 40 тоннаға дейін барлық үлгідегі жүк автомобильдерін (автопоездарды – автомобиль және принциптің жүк көтергіштігі бойынша), ұзындығы 7-12 метр автобустарды, сондай-ақ арнайы дыбыс және бағдарлы сигналдармен жабдықталған автомобильдерді басқару»-деген 408-тармақшасын басшылыққа алып, штаттық кесте бойынша көлік жүргізушіге 5-біліктілік разряды бекітілген. Сондықтан Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысының 2-тармағы 3-тармақшасымен бекітілген 3-қосымшасындағы 4-разрядтағы жұмысшының 1,96 коэффициенті қолданылмай, мекеменің көлік жүргізушісіне 5-разрядтағы жұмысшының 2,1 коэффициенті қолданылып, нәтижесінде аудитпен қамтылған 2016 жылдың шілде-желтоқсан айларына 18,8 мың теңге, 2017 жылы 41,3 мың теңге, 2018 жылдың қаңтар-маусым айларында 20,7 мың теңге, **барлығы 80,8 мың теңге** артық төленген.

(№4 қосымшада жалпақыны есептеу кестесі, бекітілген штаттық кестесі және түсінік төлем тапсырма 6 парақта жалғанды).

3) Іс-сапар шығындарына жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру; Мекемеде «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 136 «Техникалық персоналдың ел ішіндегі іс-сапарлары мен қызметтік жол жүрулері» ерекшелігі бойынша 2016 жылдың шілде-желтоқсан айларында 82,5 мың теңге, 2017 жылы 172,0 мың теңге, 2018 жылы 443,0 мың, 161 «Ел ішіндегі іс сапарлар мен қызметтік сапарлар» ерекшелігі бойынша 2016 жылдың шілде-желтоқсан айларында 294,3 мың теңге, 2017 жылы 481,0 мың теңге, 2018 жылы 443,0 мың теңге бюджет қаржысы жоспарланып, бюджеттен бөлінген қаржылар кассалық шығысталып отырған. Есеп беруші тұлғалармен есеп айырысу жұмыстары «Мемлекеттік бюджетті есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті

депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» 2000 жылғы 22 қыркүйектегі №1428 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген ережеге және «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген қағидаларға сәйкес жүргізілген. Іс-сапарға кеткен, іс-сапардан келген қызметкерлердің іс-сапар куәліктері арнайы журналдарда тіркеліп, аванстық есептері заңдылықтарға сәйкес уақытылы тапсырылған. Бағдарламаның «Іс-сапар шығындарына жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру» мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

4) Коммуналдық қызметтерге тарифтер мен баға қолданудың дұрыстығы, келісім-шарттардың бар-жоғы және қаржы шығындарының дұрыстығын тексеру; Мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықта «Арал аудандық кәсіпкерлік өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Арал ауданы, Арал қаласы, Мектеп көшесі №35 мекен-жайы бойынша Арал қаласы әкімдігінің кеңсе ғимаратының 64,8 шаршы метр болатын бөлмелерінде аудандық қаржы бөлімінің 2016 жылдың 30 наурызындағы №94-КМ бұйрығына сәйкес жал ақысын өтеусіз және коммуналдық төлемдерсіз орналасқандықтан. Мемлекеттік аудит жүргізу кезеңі ішінде мекеме тарапынан коммуналдық қызметтері үшін келісім-шарт жасалмаған, осыған сәйкес тарифтер мен баға қолдану қажеттілігі туындамаған. Сонымен қатар мекеме өзінің жылдың жоспарында және кассалық шығысында коммуналдық қызметке қаржы жоспарланбаған, шығысталмаған. Бағдарламаның «Коммуналдық қызметтерге тарифтер мен баға қолданудың дұрыстығы, келісім-шарттардың бар-жоғы және қаржы шығындарының дұрыстығын тексеру» мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

5) Негізгі құралдар мен қорларға түгендеу жүргізу тәртібінің сақталуы, бухгалтерлік есепке алу (негізгі құралдарды есептен шығару) дұрыстығын тексеру; «Арал аудандық кәсіпкерлік өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі теңгеріміндегі негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтарға «Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидасын бекіту туралы» 2011 жылғы 22 тамыздағы №423 Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің бұйрығының талаптарына сәйкес мемлекеттік мекеменің теңгеріміндегі мүліктерге түгендеу жүргізілуіне аудит жүргізу барысында аталған қағиданың 3-тармағының талаптарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікті жасау алдында мекеме басшысының бұйрығымен құрылған комиссияның қатысуымен түгендеу жұмыстары жүргізілген, нәтижесінде артық немесе кем шығу фактілері анықталмаған. Аудитпен қамтылған 2016 жылдың шілде-желтоқсан, 2017 жылы және 2018 жылдары «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджеттен қаржы қаралмаған. Бағдарламаның

«Негізгі құралдар мен қорларға түгендеу жүргізу тәртібінің сақталуы, бухгалтерлік есепке алу (негізгі құралдарды есептен шығару) дұрыстығын тексеру» мәселесі бойынша мемлекеттік аудит жүргізілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

6) Қызметтік автокөліктерді ұстауға, жанар-жағар май шығындарын есептен шығаруға жұмсалған қаржылардың және қызметтік автокөліктерді есептен шығарудың дұрыстығын тексеру; «Арал аудандық кәсіпкерлік өнеркәсіп және туриз бөлімі» мемлекеттік мекемесінің теңгерімінде 2018 жылдың 1 шілдесіне №2350 «Көлік құралдары» шот есебі бойынша 2015 жылы шыққан, 1 дана мемлекеттік нөмірі N 351 AN 11, маркасы Уаз-315195-66 автокөлігі бар.

«Аудан бюджетінен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдары қызметкерлерінің штаттық санының және олардың қызметтік жеңіл автокөліктері санының лимиті туралы» Арал ауданының әкімдігінің 2013 жылғы 5 шілдедегі №182 қаулысының №1 қосымшасына сәйкес бөлімге 1 бірлік қызметтік жеңіл автокөлік лимиті бекітілген.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықта автокөлікке жұмсалған жанар-жағар майлары және қосалқы бөлшектерінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына арналған жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы» 2009 жылғы 11 тамыздағы №1210 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес шығысталуына аудит жүргізгенде жанар-жағар майлары жол жүру қағаздарына, әрбір 100 км жүрілген жолға бекітілген нормативтерге сәйкес шығысталғандығы анықталды. Бағдарламаның «Қызметтік автокөліктерді ұстауға, жанар-жағар май шығындарын есептен шығаруға жұмсалған қаржылардың және қызметтік автокөліктерді есептен шығарудың дұрыстығын тексеру» мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

7) Мемлекеттік сатып алу келісім шарттарының негізінде міндеттемелерді қабылдаудың заңнамалық актілерге сәйкестігін тексеру. Мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықта мекеме 2016-2018 жылдар аралығында «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі №303-ІІІ және 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алу келісім шарттар арқылы мекемеге қажет ететін тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер сатып алуда өнім берушілермен есеп айырысқан. Мекеме тарапынан мемлекеттік аудитпен қамтылған 2016 жылдың шілде желтоқсан айларында 485,0 мың теңгеге, 6 келісім шарт, 2017 жылы 3071,9 мың теңгеге, 25 келісім шарт және 2018 жылдың қаңтар-маусым аралығында 17 келісім шарт 2399,9 мың теңгеге мемлекеттік сатып алу жасалып, өнім берушілер тарапынан келісім шарттардағы міндеттемелері толық орындалып отырған. «Арал аудандық кәсіпкерлік өнеркәсіп және туриз бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ұйымдар мен жүргізген есеп айырысулары көрсетілген қызметтер мен жұмыстарға, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлау

негізділігіне аудит жүргізгенде: барлық сатылып алынатын тауарлар, қызметтер және басқа жұмыстар үшін Аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің белгілеп берген бағалар туралы модулінде көрсетілген бағалардан аспайтын мөлшерде, прайс-листерге сәйкес және нақты орташа статистикалық бағаларға сәйкес жоспарланып сатылып алынған. Жасалған келсім-шарттардың талаптарының орындалмау фактісі анықталмады. Мемлекеттік сатып алу келісім шарттарының негізінде міндеттемелерді қабылдаудың заңнамалық актілерге сәйкестігін тексеру мәселесі тексерілді бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

4. Мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына тексеру жүргізу.

1) Бухгалтерлік есепті жүргізудің тиісті орындарға қаржылық есептілікті жасаудың және ұсынудың заңнамалық актілерге сәйкестігін тексеру; «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарын бекіту туралы» 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығымен бекітілген бухгалтерлік есеп шоттарына сәйкес бухгалтерлік тізбекпен бас кітапқа қорытындыланған, ал мекеменің қаржылық есептілікті жасауы және беруі «Қаржы есептілігін жасаудың және ұсынудың нысаны мен ережесін бекіту туралы» 2010 жылғы 8 шілдедегі №325 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығына және «Қаржы есептілігін жасаудың және ұсынудың нысаны мен ережесін бекіту туралы» 2010 жылғы 8 шілдедегі №325 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 17 наурыздағы №178 бұйрығымен бекітілген қағидаларға сәйкес жүзеге асырылып, №1 нысандағы баланс, №2 «Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп», 3-нысан «Қаржыландыру көздері (тікелей әдіс) бойынша мемлекеттік мекеменің шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп», 4-нысан «Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есеп», 5-нысан «Қаржылық есептілікке түсіндірме жазбалары» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы №630 «Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және «Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы №630 «Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 29 тамыздағы №526 бұйрығымен бекітілген

қағидаларға сәйкес толық жасалынып, аудандық қаржы бөліміне уақытылы тапсырылып отырған. Бағдарламаның «Бухгалтерлік есепті жүргізудің, тиісті органдарға қаржылық есептілікті жасаудың және ұсынудың заңнамалық актілерге сәйкестігін тексеру» мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

2) Аудит жүргізу кезеңі ішінде дебиторлық және кредиторлық берешектің жай-күйі, туындау себептері және олардың өтеу бойынша қабылданған шараларды тексеру. Мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықта мекеме бойынша дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысу №1210 «Сатып алушылар мен тапсырушылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі», №3310 «Жеткізушілер мен мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» шоттары бойынша жүргізіліп, қаржылық есептіліктері, кредиторлық және дебиторлық туралы есептері мен түсіндірме жазбалары толық жасалынған. Мекеменің бухгалтерлік есебі бойынша 2017 жылдың 1 қаңтарына барлығы 85,7 мың теңгеге дебиторлық қарыз қалыптасқан оның ішінде: әлеуметтік салыққа 63,1 мың теңге, зейнет ақы жарнасына 5,1 мың теңге, борышкердің атқару парағына 5,3 мың теңге, «Қазактелеком» АҚ-на байланыс қызметі үшін 12,2 мың теңге, ал кредиторлық қарызы 87,4 мың теңгеге калыптасып оның ішінде: табыс салығы 5,1 мың теңге, еңбекке жарамсыздық парағына 55,1 мың теңге, әлеуметтік аударымға 4,9 мың теңге, өзге жұмыстар мен қызметтерге 8,8 мың теңге, іссапар шығындарына 13,5 мың теңгені құраған. 2018 жылдың 1 қаңтарына жыл көлемінде жабылып, мекеменің бухгалтерлік есебі бойынша дебиторлық және кредиторлық берешектер болмаған. Бағдарламаның «Аудит жүргізу кезеңі ішінде дебиторлық және кредиторлық берешектің жай-күйі, туындау себептері және оларды өтеу бойынша қабылданған шараларды тексеру» мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

III. Қорытынды бөлік:

3.1. Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:

3.1.1. Заңнаманың, ішкі нормативтік актілердің және құжаттардың сақталуын және (немесе) бағдарламаның мақсатына, көрсеткіштеріне (өлшемшарттарына) сәйкес мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігін бағалау:

«Арал аудандық кәсіпкерлік өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік өнеркәсіп және туризм саласын дамытудағы басшылықты, өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Арал ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 16 қыркүйектегі №184 қ. қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.



Мекеме ауданда кіші кәсіпкерлікті дамытудың бағдарламасын және оны іске асырудың іс-шаралар жоспарын әзірлеу және олардың орындалуын бақылау саласындағы заңдылықтарды сақтай отырып, өз ережесінде көрсетілген міндеттерді орындау мақсатында тиімді жұмыстар жүргізген. Мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік есеп-кисап жұмыстарының қанағаттанарлық дәрежеде жүргізілуі, бөлімнің көрсететін мемлекеттік қызметтері мен ережеге сәйкес міндеттерін өз дәрежесінде атқаруы, бөлімнің қызметін қамтамасыз етуге, жұмыстарды ұйымдастыруға бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалуды және басқа да критерилерді саралай келе, «Арал аудандық кәсіпкерлік өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген құзыреті шегінде бірыңғай кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм саласында басшылықты жүзеге асыру барысында нәтижелі және тиімді жұмыстар атқарған деп тұжырым жасауға болады. Ал анықталған кемшіліктерге байланысты мекеме қызметкерлеріне тиісті заңнамалардың талаптарын алдағы уақытта қатаң түрде сақтауға ұсыныс берілді.

3.2. Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер:

«Арал аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан мемлекеттік аудит жүргізуге кедергілер келтірілген жоқ.

3.3. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

«Арал аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің автокөлік жүргізушісі А. Жұбановқа артық есептеліп төленген 80,8 мың теңгенің еңбек ақысы, айлық жалақысынан ұсталып, 2018 жылдың 07 қыркүйегінде № 4932504/18-210 төлем тапсырмасымен жергілікті бюджетке өндірілді. *(Төлем тапсырмасының көшірмесі қоса тігілді.)*

IV. Қосымшалар:

1. Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі 2018 жылдың 27 тамызындағы №22,10-123-т талап.
2. Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі.
3. Ережелер көшірмелері 6 парақ, тіркеу куәлігі 1 парақ.
4. Шығыстар бойынша жиынтық есептер №4-20 нысандар 8 парақ;
5. №1- қосымшада 1-кесте. Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалар) орындалуы туралы ақпарат 6 парақ.
6. №2 қосымшада; түсінік 1-парақ, келісім шарт көшірмесі 19-парақта, төлем құжаттар мен жұмыс акті 55 парақ.
7. №3 қосымшада; түсінік 1-парақ, кесте 7-парақта.
8. № 4-қосымшада түсінік 1-парақ, есептеу кестесі 1, штат кестесі 3-парақ, төлем тапсырмасы 1 парақта.

Тексеру комиссиясының жұмыскері (-лері):

№1 мемлекеттік аудит бөлімінің
бас инспектор-мемлекеттік аудиторы



С.Есенбаев

Мемлекеттік органдардан тартылған мамандар, мемлекеттік емес аудиторлық
ұйымдардың жұмыскерлері, сарапшылар: _____

(лауазымы)

(қолы, аты-жөні, тегі)

Аудиторлық есеп екі данада жасалды:

1-дана «Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік
мекемесінде. Бланк №000429. 2-дана ««Арал аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм
бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде. Бланк №000430:

Тексеру комиссиясы
2 дана